

8D020300 –Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Шашаева Малика Аuezханқызының «XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның әлеуметтік мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы» деп аталатын диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша ПІКІРІ

Р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Шашаева Малика Аuezханқызының 8D020300 –Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның әлеуметтік мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы» деп аталатын диссертациялық жұмыс мемлекет бағдарламаның аясында орындалған, Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы) мақсаты мен міндеттеріне; Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысының) мақсаттарына толықтай сәйкес келеді.
	1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес орындалған; - білім және ғылым саласындағы зерттеулер; - әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер.		М.А. Шашаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған: - білім және ғылым саласындағы зерттеулер; - әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер.

	Ғылым маңыздылығы үшін	көрсету) келеді	
2	Ғылым маңыздылығы үшін	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның элеуметтік мәдени трансформациясы мен модернизациясы кезеңіндегі қазақ әйелдердің жағдайының тарихына арналған. Әрине, әйелдер мәселесіне қатысты осыған дейін біраз зерттеулер мен диссертациялар болғанымен, олардың көпшілігі олардың жекелеген тақырыптық бағыттарына арналған болатын. Ал, диссертанттың бұл зерттеуі әйел мәселесін тікелей қоғамдағы түбегейлі өзгерістер мен реформалық іс-шаралардың арнасында нақты деректік негізде және оның сан-қырлы бағыттарын кешенді қарастыруды қолға алған. Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қоса алады. Ғылыми жұмыстың құрылымы, тақырыптық-мазмұндық баяндалу желісі жүйелі, ғылыми тұжырымдық тұрғыдан дәлелді. Сонымен қатар тақырыптың маңызы ашылған, қолданбалық нәтижелері өзекті. Ғылыми жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары бұрын сонды жарияланбаған. 2.1 Қосады, ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ұсынылып отырған диссертацияны Шашаева Малика Аuezханқызы өзі жазған және жазылуы деңгейі жоғары. Себебі, жұмыста келтірілген тарихи деректер жүйелі берілген, тақырыпқа қатысты ғылыми түсініктер мен ұғымдарға талдау жасалып, сәйкес жасалған қорытындылар белгілі үйлесімділікте тұжырымдалған, әрбір зерттеу міндеттерінің жүзеге асырылуы барысында тиісті тұжырымдар мен қорытындылар жасалған. 3.1 Жазу деңгейі жоғары
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі ғылыми тұрғыда негізделген. Тарихнамалық талдау барысында тандалған тақырыптың өзектілігі айқындалған. Жалпы алғанда Қазақстандағы «әйелдер мәселесі» өз шешімін таппай, тек тарихта 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін біршама өзгеріске ұшырағаны анық. Өмір бойы салт-дәстүрдің шырғауында

		қалған қазақ әйелдерінің қолдауын тапқан кеңес өкіметінің әйелдер мен ерлердің құқықтарын теңестіруге, қалың мал, әменгерлік, көп әйел алумен күресуге бағытталған саясаты іс жүзінде түпкі-тамыры жойылған, кеңестік идеологияға бағынатын халықты тәрбиелеу мақсатын көздегені анық. Міне сондықтан да қазіргі кезеңде Кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы көрсеткіші ретінде оның - қоғамдағы әйелдің жағдайына қаншалықты әсер ете алғаны тарихи тұрғыдан анықтау аса өзекті болып табылатыны негізделген. 4.1.1 Жұмыстың өзектілігі негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Жалпы диссертациялық жұмыс: Белгілеулер мен қысқартулар, Кіріспеден, әрқайсы 3 тараушадан құралған 3 тараудан, Қортындыдан және пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімі мен Қосымшадан тұрады. Диссертацияның құрылымы, мәтінін мазмұны, зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер қисынды. Диссертацияның тараушалары логика тұрғысынан бір-бірімен сабақтасалы. Қорытындылар дәлелді әрі негізді. 4.2.1 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Ал, барлық зерттеу міндеттері оның мақсатының жүзеге асырылу қадамдары ретінде көрініс береді. Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер бір-бірімен байланысты. Өйткені әрбір қойылған міндет диссертациялық зерттеудегі нақты аспектісін ашады. М.А. Шашаева диссертациялық жұмысты орындау барысында қажетті дереккөздерге жан-жақты талдау жасап, олардың әрқайсысы бойынша сілтеменің және сәйкесінше белгілі бір тұжырымдардың жасалуы ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдейтін деректермен жұмыс жасаған. 4.3.1 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыда толық байланысқан. Диссертацияның тараулары мен онда қамтылған бөлімдерінің арасында логикалық байланыс сақталған, яғни олардың кейінгісі бастапқысының логикалық жалғасы болып табылады. Диссертант ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла отырып бағаланған, яғни авторлық сыни талдау жүзеге асырылған. Мұның барлығы ұсынылып отырған жұмыстың мазмұнында толық қамтылған. 4.4.1 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық байланысқан
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмысты орындау барысында қажетті дереккөздерге жан-жақты талдау жасалып, олардың әрқайсысы бойынша сілтеменің және сәйкесінше белгілі бір тұжырымдардың жасалуы ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдейді. Зерттеу барысында және оның нәтижелерін тұжырымды баяндауда таңдалған әдістер бір-бірімен байланыста және үйлесімді қолданылған. Диссертация жұмысының нәтижелері негізгі әдебиеттер мен дереккөздерге және тікелей жүйелі талдау жасау арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерімен пайдалана отырып алынған. Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстағы заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 4.5.1 Сыни талдау бар.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен сәйкесінше жасалған кагидалардың барлығы жаңа. - Зерттеу барысында алынған бірінші нәтиже жаңа. Қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясының теориялық -

	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	методологиялық негіздемесі жасалды. Бұл үшін зерттеудің әдіс-тәсілдері мен оның негізгі бағыттары нақтыланып, қазақ әйелдері мәселесінің тарихнамалық талдануы мен зерттеу жұмысының деректік негіздері алғаш рет кешенді зерттеу көзіне айналған; - Екінші нәтиже жаңа. Бұл нәтиже осы зерттеу барысында алынған бірінші нәтиженің логикалық жалғасы болып табылады. XX ғасырдың 20-30 жж. Кеңестік Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қазақ әйелдеріне ықпалы айқындалған. Бұл үшін мерзімдік баспасөздердегі қазақ әйелдері мәселесінің қоғамда жариялануы мен талдануы жүзеге асырылып, XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ әйелдерінің мәдениет саласындағы белсенділігі және Кеңестік Қазақстанның ішкі саясатындағы әлеуметтік бағдарламалардың әйелдер жағдайына әсері деңгейі нақтыланған; - Үшінші нәтиженің жаңалығы Кеңес өкіметінің саяси және экономикалық жаңғырулары кезіндегі әйелдер мәселесінің трансформациясындағы өзгерістер айқындалған. Бұл үшін Жаңа экономикалық саясат, ұжымдастыру мен апаршылық кезіндегі әйелдер тағдыры, Қазақстандағы өнеркәсіптік ауыр жұмыстарға әйелдердің тартылуы және саяси қуғын-сүргіннің Қазақстандағы әйелдер тағдырына тигізген салдары қаншалықты қасіретті болғаны негізделген. Барлығы толықтай жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. 5.1.1 Толығымен жаңа.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем	Алынған қорытындылардың негізділігі айқын. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидағары зерттеудің мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдің тиімділігімен, зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен сипатталады. 5.2.1 Толығымен жаңа

	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе? 1) толығымен жана; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдар шеңберінде орындалуына байланысты техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері қарастырылмаған. Сол себепті бұл бағалау өлшемі қисынсыз.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Диссертациялық жұмыста зерттеуші келтірген барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді, ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеуші диссертацияда келтірілген әрбір тұжырымдарын терең дәлелдеген және қорытындылары жаңашылдығымен айқындалады. Ережелерге сәйкес бірінші алынған тұжырым: Зерттеу бағытын нақтылау барысында, ең алдымен оның теориялық және методологиялық негіздерін талдау нәтижесінде - еуропалық әдіс тәсілдері мен отандық әдістер арасында ұқсастықтармен қатар айырмашылықтар бар екендігі айқындалды, бір ғана мысал - қазақтың салт-дәстүріндегі әменгерлік мәселесіне еуропалық көзқарас тұрғысынан талдау жасалып, оның әлеуметтік-дәстүрлік, гуманистік тамырына тереңдегендігі туралы тұжырым жасалған; Зерттеуде Кенестік биліктің жүргізген реформалары нәтижесіндегі қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы, оның қазақ қоғамы мен тұрмысындағы әйелдер орны мен ролінің өзгерісіне ықпалы, атап айтқанда қазақ әйелдерінің теңдігі мәселесі, қоғамға әлеуметтенуі, әлеуметтік-мәдени салалардағы қазақ әйелдерінің белсенділігі, еңбекке тартылуы мен еліміз басынан өткерген саяси тарихи құбылыстар кезеңіндегі әйелдер жағдайы жан-жақты талданып, сипатталаған. 7.1. Дәлелденді

	3) кен 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидағтар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Екінші тұжырым: Диссертант тарихнамалық талдау жасау барысында соңғы жылдары тың көзқарастар мен бұрын ғылыми айналымға түспеген түп-деректер жарияланған жинақтармен XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кенестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы мен модернизациясы кезеңіндегі қазақ әйелдердің жағдайының тарихына қатысты құжаттарды анықтап, жүйелі жұмыс жасаған. Зерттеу тақырыбын жан-жақты тарихи талдауға мүмкіндік берген дерек көздер ретінде отандық және ресейлік архив қорларының материалдары қолданылған: Қазақстан Республикасының Президенті Архиві (ҚРПА), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА), Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысы мемлекеттік архивінің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы, Ақмола облыстық архиві, Астана мемлекеттік қалалық архиві, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМЭСТА), Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА), Ресей Мемлекеттік кинофотофонономатериалдар архиві (РМКФФМА). 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидағтар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Үшінші тұжырым. Жасалған тұжырым жаңа болып табылады. Кеңес өкіметі әйел теңдігін жария етті, ерлермен бірдей еңбек етуге, экономикалық теңдікке жеткізді, дегенімен оның өтеуі аса қымбатқа түсті. Кеңестік тоталитарлық жүйе, жұмыс қолының тапшылығына орай түрлі ұрандар арқылы үгіт насихатты күшейтіп, әйелдерді ауыр жұмыстарға тартты, сонымен қатар олардың әлеуметтік қамсыздандырылуы да әлі нашар болды, балабақшалар жетіспеді,
--	---	--

дәрігерлік-акушерлік пункттер өте аз болды, суық және денсаулыққа зиян өндіріс ғимараттарында ешбір еңбек қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда, жартылай аш-жалаңаш еңбек етті. Жұмыс уақытының шектелмегендігі, қажетті дәрігерлік көмектің, азық-түлік пен ас-ауқаттың жетімсіздігі, әлеуметтік-тұрмыстық, гигиениялық жағдайлардың күрделілігі өз әсерін тигізгендігі деректер арқылы дәйектенді.

7.1. Дәлелденді

7.2. Тривиалды емес

7.3. Қағидағтар жаңа

7.4. Қолдану деңгейі кең

7.5. Иә

Төртінші тұжырым қолданыс аясын негіздейді. Зерттеу нәтижелерін Қазіргі заман тарихының әйелдер мәселесіне қатысты теориялық-методологиялық еңбек ретінде ғылыми зерттеулерде қолдануға болады. Диссертация материалдарын талдау деректердегі мағлұматтардың шынайылық дәрежесін, ғылыми танымдық манызын анықтау мақсатында жүргізілді. Сол себепті алынған нәтижелер тарих мамандығын таңдаған студенттерге «Қазақстан тарихы» пәні бойынша дерек ретінде, «Қазақстан тарихының тарихнамасы» пәндерінен көмекші құрал бола алады. Сол сияқты зерттеуді тарих, әлеуметтану факультеттерінде студенттердің қолданбалық, өзіндік жұмыстарында қосалқы материал ретінде және арнайы курстарды оқытуда да пайдалану қажеттілігі ғылыми негізделді.

7.1. Дәлелденді

7.2. Тривиалды емес

7.3. Қағидағтар жаңа

7.4. Қолдану деңгейі кең

7.5. Иә

Бесінші тұжырым мақалалар арқылы апробация жасалуы туралы. Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 8 мақала негізінде жарық көрген. Соның ішінде 4 мақала ҚР БҒМ БҒСБК журналдарында, 3 отандық және шетелдік халықаралық

			ғылыми конференциялар жинақтарында және 1 мақала Scopus базасында тіркелген журналда сыннан өтті. Арнайы ҚР Гранттық жобада (3 жобада) орындаушы ретінде тәжірибе жинақтаған. Диссертация тақырыбына сәйкес мақала материалы Ұжымдық монографияның 1 параграфы ретінде баспадан жарық көрген (Қазақстандағы 1920 - 1930 жылдардағы қоғамдық негізде ағартушылық қызмет атқарған ұйымдардың тарихы – Алматы: ИП «Радуга», 2023. – 341 бет.). 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидағтар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 7.5. Иә
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ	Диссертацияның әдіснамалық негізіне қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты зерттеуді талап ететін сыни және тарихилық қағида негізге алынған. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру және тағы басқа тәсілдері қолданысқа түскен. Зерттеуде тарихилық қағиданы негізге ала отырып, тақырыптың мазмұнын ашуда кеңестік жүйенің бастапқы кезеңіндегі қоғамның өзгерісіндегі тарихи объективті және субъективті факторлар, әлеуметтік мәдени трансформацияның қоғамдағы әйел ролі мен орнына ықпалы айқындалған. Жүйелілік әдісті қолдана отырып, кеңестік Қазақстан тұсындағы әлеуметтік-мәдени трансформация және әйел жағдайы жүйеленген. Қолданған келесі тарихи-салыстырмалық әдіс-тәсіл әртүрлі тұжырымдамалардың ортақ белгілері мен айырмашылықтарын айқындауға бағытталған. 1.Ия
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері	Зерттеу тақырыбы арнайы түрдегі бағдарламалық компьютерлік

	компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	технологияларды пайдалануды қажет етпейді. Диссертациялық жұмыстың соңында берілген қосымшада пайдаланылған суреттерді ЖИ арқылу өңдеуді есептегенде, диссертациялық зерттеудің өзінде компьютерлік технологиялар арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістері пайдаланылмаған. 2. Жоқ
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.	Ғылыми материалдың қажеттілерін іріктеп алу зерттеушіден теориялық білімі, методологиялық ұстанымы мен деректердің жіктелуіне және фактілерді жүйелеуіне шамасы жететін кәсіби біліктілігін талап етеді. Қазіргі заманауи әдістемеде тарихи факті және тарих жағдай көрінісі жеке адамдар мен қауымдастықтардың немесе билік органдары құрылымының бірлескен әлеуметтік әрекетін іске асыру ретінде қарастырылады. Әдістердің мазмұны тұрғысынан қандай болса да логикалық немесе нақты, жеке құрамның басымдықтарына қарамастан - олар әрдайым кешенді, біртұтастық сипатқа ие және жалпылама ортақ бағытталуымен ерекшеленеді. Әр жағдайда - ішкі ұйысуы, ғылыми жетістіктердің жиынтығын зерттеуді жүйелеу аса қажет болып саналады. Бұл теориялық білімнің нақты негізі бар жаңа мәліметтермен шығармашылық синтезі негізінде зерттелген жағдайда ғана мүмкін. Зерттеу барысында алынған тұжырымдар, зерттеушіден тарихи өлшемдердің тереңдігі мен зерттеу құралдарын және зерттеу нысанын талдау барысында мәнін терең ұғынуды талап ете отырып, сол орындалғанда ғана қолжетімді болады. Осылайша, қазіргі тарихнамадағы ең маңызды әдіснамалық міндеттердің бірі ретінде: тарихи ойдың дамуындағы сабақтастықтың анықталуын, негізгі тарихнаамалық фактілердің іріктелу критерийлерінің нақтылануын, тарихнаамалық талдау мен дереккөзі арақатынасын орнатудың, тарихтың объективті үлесін анықтаудың, тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуындағы тарихшылар мен олардың еңбектерінің үлесін, сондай-ақ тарихтың даму кезеңдері критерийлерін анықтаудың бағыттарын негіздеу жасалған. 1. Иә

	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Архив деректерін талдау нәтижесінде, түрлі мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың және «Әйелдер бөлімі» (Женотдел) жұмысының сан түрлі қырларын көрсету арқылы сол замандағы (XX ғ. 20-30 жж.) қазақ әйелдерінің әлеуметтенуі, қоғамға, қоғамдық және мемлекеттік жұмыстарға тартылуы мәселесінің маңыздылығы анықталды. Зерттеуде өзіндік жаңашыл үрдістегі саяси, мәдени идеяларды насихаттау бағытын берік ұстанған «Айқап», «Қазақ», «Ақ жол», «Сарыарқа» және т.б. газет-журналдарының қазақ қоғамында бел алған теңсіздікпен күрес құралы ретінде маңызды рөл атқарғаны тұжырымдалған. Пайдаланылған әдебиеттердің аясы кең және тақырыпты барынша ашуға мүмкіндік береді. Әдебиеттер тізімі бәрі талаптарға сай рәсімделген.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертацияны жазу барысында 209 әдебиет пайдаланылды. Шетелдік және Отандық архив қорлары, арнайы архив материалдарының жинақтары, мемлекеттік мекемелер қаулылары, мерзімді басылым материалдары, ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстары, фотоматериалдар мен кітапханалар қорларындағы сирек қолжазбалар пайдаланылды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу методологиясы объективтілік, тарихилық және жүйелілік қағидаларға негізделген. Диссертацияның әдіснамалық негізіне қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты зерттеуді талап ететін сыни және тарихилық қағида негізге алынды. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру және тағы басқа тәсілдері басшылыққа алынды. Зерттеу барысында әдістемелік ұстаным ретінде соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алған. 9.1.1 бар
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған

		бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін Қазіргі заман тарихының әйелдер мәселесіне қатысты теориялық-методологиялық еңбек ретінде ғылыми зерттеулерде қолдануға болады. 9.2.1 Иә
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. 9.3.1 Иә
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	М.А. Шашаеваның диссертациялық зерттеуінің жазу және ресімдеу сапасы жоғары және талаптар мен ережелерге толық сәйкес келеді. 10.1 жоғары
11	Диссертацияға ескертулер		Ұсыныс ретінде диссертанттың бұрын 3 жобада орындаушы болғанын ескере отырып, болашақта осы диссертациялық зерттеудің аясында «Жас ғалымдарға» арналған гранттық ғылыми жоба дайындау дұрыс болар. Әрине, бұл ұсыныс М.А. Шашаеваның диссертациялық жұмысына берілген оң бағаны еш төмендетпейді
12	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың		М.А. Шашаева диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері бойынша талапқа сәйкес 8 мақала жариялаған. ҚР БҒМ БҒСБК журналдарында - 4, Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында- 3, Scopus базасында тіркелген журналда 1 мақаласы сыннан өткен. Диссертация тақырыбына сәйкес мақала материалы Ұжымдық монографияның 1 параграфы ретінде баспадан жарық көрген. Жарияланған мақалалар мен жасалған баяндамалар тікелей диссертация тақырыбына қатысты.

	зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	М.А. Шашаеваның 8D020300 – Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кенестік қоғамның әлеуметтік мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы» деп аталатын диссертациялық жұмысын ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін сондықтан (PhD) докторы дәрежесін алуға әбден лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ
«Қазақстан тарихы» кафедрасының PhD, доценті

Батырбекқызы Г.



ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН

ҚЖЖ бөлімінің
басшысы _____